




Түркістан облысының білім
саласында сапаны қамтамасыз
ету департаментінің басшысы
Г.Алматовқа

«Ару-Әсем» балабақшасы»
Жауапкершілігі шектеулі
серіктестігінің меңгерушісі
Даубаева Рая Салханқызы

**Түркістан облысы білім басқармасының Төлеби ауданының білім
бөлімінің «Ару-Әсем» балабақшасы» ЖШС
мемлекеттік аттестаттау барысында анықталған кемшіліктердің
жойылғандығы туралы
ЕСЕП МӘЛІМЕТ**

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік Кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі – Заң), «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығын басшылыққа ала отырып (бұдан әрі – Бағалау критерийлері), Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен (бұдан әрі – Департамент) бекітілген 2023 жылғы 9 қарашадағы №1835 бұйрығының 1-қосымшасына сәйкес 2024 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде 2024 жылғы 22 маусымдағы №1046 бұйрығы негізінде 01-05 шілде күндері Төлеби ауданында орналасқан «Ару-Әсем» балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік аттестаттау жүргізілді.

Нәтижесінде, бармай профилактикалық бақылау жүргізу қорытындысы бойынша мемлекеттік аттестаттау шарасын жүргізген комиссия құрамы Түркістан облысының білім басқармасының Төлеби ауданының білім бөлімінің «Ару-Әсем» балабақшасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің білім беру қызметінде «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын орындауда бұзушылықтар бар екендігі анықталды:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар

қызметінің үлгілік қағидаларының» 2 тарау 7- тармағы талабы бойынша бұзушылықтар:

Кемшіліктер мен ұсыныстар:

Балабақша тарапынан кемшіліктермен жұмыс жүргізу бойынша түзету жұмыстары жүргізілді. Балабақшаның жеке https://aru-asem-edu.kz/?page_id=174 сайтына бөлек бөлім ашылып, құжаттар туралы мәліметтер толық жүктелді:

1. Балабақша тарапынан Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 25-тармағында көрсетілген талап «Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасакталады» ескеріліп, 2024-2025 оқу жылына тәрбиеленушілердің жас ерекшелігіне қарай топтар топтастырылды.

Балабақшаның https://aru-asem-edu.kz/?page_id=174 сайтына жүктелді.

ЖШС «Ару-Әсем» балабақша меңгерушісі



Р.С Даубаева